


**Көшбасшы және білімқұмар  
Бала Нұрсұлтан**

# Бала Нұрсұлтан

1940 жылы 6 шілдеде Іле Алатауының баурайындағы Үшқоңыр жайлауында Әбіш пен Әлжан Назарбаевтардың шаңырағында көптен күткен ұл өмірге келді. Оған әке - шешесі **Нұрсұлтан** деп ат қойды. Нұрсұлтан Назарбаевтың **әкесі – Әбіш** 1903 жылы Алатаудың бөктерінде, Назарбай бидің шаңырағында өмірге келді.

Абиш Назарбаев



Альжан Назарбаева





Әбіш Назарбаев көптің, қадірлі адам болды. Ол тек қазақ тілінде ғана емес, орыс және балқар тілдерінде де еркін сөйлейтін. Әбіш қазақ және орыс әндерін беріліп айтатын, әңгімелескен адамды зейін қойып тыңдап, пайдалы кеңес бере білетін. Әбіш Назарбаев 1971 жылы қайтыс болды. Анасы - Әлжан Назарбаева 1904 жылы дүниеге келген. Басына түскен қиындықтар мен сынықтарға қарамастан ол кісі өзінің ақжарқын қалпын сақтай білген. Нұрсұлтан әжесінің бауырында тәрбиеленеді. Сол себепті әжесін «аға», анасын «жеңеше» деп атап кетеді.



тұрған таңғажайып жемістерді немесе бір жағында кәдімгі апорт алмасы, екінші жағында уылжыған алмұрт пісіп тұрған ағашты тамашалайтын. Әкем өсірген ондай жемістерді кейін еш жерде көрген емеспін. Өзінің сүйікті сортты алмасы – апортты ол келесі көктемге дейін бұзбай сақтайтын», – деп жазады өз естелігінде.







Нұрсұлтан Назарбаев 5 жасқа дейін ешқайда шықпай, мал шаруашылығы бригадасын басқаратын әкесіне көмектеседі. 1941-1945 жылғы сұрапыл соғысқа барлық ел азаматтар аттанған кезде оның әкесі мүгедектігіне байланысты соғысқа алынбайды, алайда елде қалып, ауылдағы асыраушылары соғысқа аттанған азаматтардың үйлеріне қарайласады. Қазіргі кезде Елбасы сол кездерді **«балалық шақтың қара наны»** ретінде еске алады.



**Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев** 1948 жылы Шамалған селосындағы Фурманов атындағы қазақ-орыс орта мектебінің 1 сыныбына қабылданады. Оны 1 сыныптан 4 сыныпқа дейін Исмаилова деген мұғалима оқытады. Ол кезде Нұрсұлтанның отбасы Шамалғанға көшіп келмеген болатын. Сол себепті ол немере ағасы Үмбеттің үйінде жатып оқиды. Кейіннен әкесі сол жерден үй алғанда орыстар көбірек қоныстанған жерден үй алады. Өйткені ол ұлының орысша сөйлеуге үйренгенің қалайды. Ол кішкентайынан сабаққа зерек болады. Тіпті кеште керосин жарығының шамымен де сабақ оқып отыратын. Ұстаздарының сыныптастарының айтуы бойынша ол үздіктер қатарынан көрінген. Ауылдағы кітапханадағы кітаптарды талғамай оқи берген.





## Н.Назарбаев сыныптастырмен



Музыканы бала кезінен жақсы көрген.  
Кішкентай кезінен мандолин, баянда ойнай  
білген, домбыра тартқан. Әнді де жақсы  
айтады, қоңыр дауысы бар.









таныс болса керек. Халық  
назарына әлі ұсыныла қойған жоқ.  
Жұрт тек «Елім менің», «Үш  
қоңыр» секілді әнге айналған  
өлеңдерін біледі.



**Нұрсұлтан – шебер  
шаңғышы. Бала  
кезінен шаңғыны  
жақсы көрген  
Нұрсұлтан  
Үшқоңырдың  
биігінен, небір қиын  
жолсыз жерлермен  
сырғанағанда  
алдына жан  
салмаған екен.**





бе, альпинизмге қатты құмартқан. Кішкентай күнінде  
Үшқоңырдың тау-тасын жиі аралап кетеді екен. Кейін Президент  
болғаннан соң да кәсіби альпинистерге ілесіп, бірнеше шыңды  
бағындырған.





атқан мерген. Елбасымыз аң  
аулағанды, саят құрғанды жақсы  
көрген.





*1991 жылы 1 – желтоқсанда тұңғыш  
Президентіміз сайланды.*





*1991 жылы 16 - желтоқсанда  
Қазақстан Тәуелсіздігін жариялады.*



*Елбасының шешімімен 1997 жылы 10 –  
қазанда Ақмола қаласы Астана болып  
жарияланды.*





**1998 жылы 10 маусымда тұңғыш рет жаңа Астананың ресми тұсаукесері болып, астана күні тойланды.**





**2002 жыл**  
**Астананың**  
**Назарбаевтың идеясымен Елорданың**  
**символына айналған «Астана – Бәйтерек»**  
**монументі салынды. Оның биіктігі 97 метр.**



Қазір бой жарыстыратын  
заман емес,  
**ой** жарыстыратын заман.



Нұрсұлтан Назарбаев